

Хаттама №4

23 мамыр 2019 жыл

Абай атындағы ЖОББ-тің мектеп-лицей

23 мамыр 2019 жылы Абай атындағы ЖОББ-тің мектеп-лицейінде Қамқоршылық кеңес отырысы өтті.

Қатысқандар: Тлеуханов Р.Р, Садыбекова А.Ж, Тайгулова Г.А ,
Рахымжанова Б.Қ, Нұрсеитова Уасила, Жамашев Құрмет, Жарылғапов М, Махметов М.М,
Құлахметова Әлия, Ақылдасова Динара, Тайтөлеуова Гүлназ, Қонабекова Сандуғаш.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп қызметі, білім беру қызметтерін сапалы көрсету, жұмыс қорытындылары. Мектеп-лицей директоры Р.Р.Тлеухановтың Қамқоршылық кеңес алдындағы есебі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Р.Р.Тлеуханов сөз алды.

2018-2019 оқу жылының басында мектеп табалдырығын 849 оқушы аттаса, оның 258 оқу озаты. Соңғы 4-5 жылда мектебімізде оқушы саны жылдан жылға артып келеді. Биыл 36 оқушы алтын ұя мектептен түлеп ұшқалы отыр. Былтырғы оқу жылында 11- сыныпты бітірген 15 оқушы "Алтын белгі" иегері, ал 8 оқушы "Үздік" аттестат иегерлері атанды, осы оқу жылында 9 "Алтын белгі" иегеріне, 1 оқушы "Үздік" аттестатқа үміткерлер қатарына кіріп отыр. ҰБТ қорытындысы бойынша мектептің орта балы жылдан жылға артып келеді. Өткен оқу жылының орта баллы 99 балл. Мектептен түлеп ұшқан оқушылардың басым бөлігі техникалық мамандықтарға мемлекеттік грант игерлері болды.

Былтырғы бітірген 56 оқушының 29-ы жоғары оқу орынының мемлекеттік грант иегері атанды.

Мектептің материалдық базасы жылма жыл нығайып келеді оның дәлелі құны 6,5 млн. теңгеге мектепке жаңа үлгідегі химия кабинеті алынды. Мектепке демеушілердің көмегімен футбол алаңы іске қосылды.

"Туған жер» бағдарламасы жалпы ұлттық патриотизмнің нағыз өзегі дегендей «Менің мектебім» және «Туған жерге туың тік!» акциялары аясында мектепке жасалған демеушілік кабинеттер шәкірттерге жұмыс жасауда. Осы оқу жылының басынан бері мектептің 90 жылдығына орай мектеп түлектері 1,5 млн. теңгеге демеушілік жасады. Қасымжановтар әулеті №47 кабинетке 500 мың теңгеге, Абдильдин Нұр №41 кабинетке интерактивті тақаға 400 мың теңгеге, Тайтөлеуов Қайрат 100,0 мың т., 91 жылғы түлектер № 34 каб. проекторға 160,0мың т. мектеп жастары №16 кабинетті жабдықтауға 280,0мың т. Бұның бәрі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде аса маңызды.

Мектептің шатыры 26 млн теңгеге толықтай жөнделді, 3.4 млн теңгеге мектептің кәріз жүйесі толықтай жөндеуден өтті.

2018-2019 оқу жылында мектеп мұғалімдері мен жұмысшы-қызметкерлеріне төленген еңбекақы – 163 127000 , компенсациялық төлемдер - 432000, әлеуметтік салыққа – 8021000, міндетті сақтандыру жарнасына - 260000, әлеуметтік аударылымға – 4805000, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға – 2495000, жанар-жағар майға - 1098000, әр түрлі қосалқы заттарға - 4837000, коммуналдық төлемдерге – 10757000, байланыс жүйесіне - 194900–, қосымша шаруашылық жұмыстарға – 41930000 (2018 ж. мектеп шатырын жөндеуге – 26209,7, мектептің ішкі әжетханасын жөндеуге – 4650 000), іс-сапар шығынына – 2251000, жалпыға міндетті білім беру қорына – 7835000, ағымдағы шығындарға – 700000, жиыны : 250497000 теңгені құрайды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңес шешімі қабылдады.

Шешім:

- 1.1. Мектептегі білім беру қызметтері сапалы атқарылғандығы көрсетілсін.
- 1.2. Мектептің білім беру сапасын дамытуда материалдық-техникалық базасының жоғары деңгейде нығайтылғаны атап өтілсін.
- 1.3. Мектептің жалпыға білім беру қорынан аз қамтылған, тұрмысы төмен, көп балалы отбасының балаларына бөлінген қаражат тиесілі жұмсалғаны көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  Рахымжанова Б.Қ.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:  Ақылдасова Динара

Қамқоршылық кеңес мүшелері:  Нұрсеитова Уасила

 Жамашев Құрмет

 Жарылғапов Мақсат

 Махметов М.М.

 Құлахметова Әлия

 Тайтөлеуова Гүлназ

 Қонабекова Сандуғаш